

Г.С. Дербисалова, Б.М. Батрашева

ГЕОГРАФИЯ

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
арнайы мектептердің (сыныптардың)
9-сыныбына арналған

ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша

Алматы
2023

ӘОЖ 376
КБЖ 74.3
Д33

9-сыныптағы «География» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешенге арналған әдістемелік құрал зерде бұзылыстары бар білім алушыларды оқытудың педагогикалық үдерісін ұйымдастыруда мұғалімге көмек көрсету мақсатында құрастырылған.

Әдістемелік құралды арнайы білім беру мектебінде, сондай-ақ инклюзивті білім беру жағдайындағы жалпы білім беретін мектепте де зерде бұзылыстары бар оқушыларды оқытуды ұйымдастыруда қолдануға болады.

Дербисалова Г. С., және т.б.
Д33 География. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 9-сыныбына арналған әдістемелік құрал / Г. С. Дербисалова, Б. М. Батрашева. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС. – 72 б.

ISBN 978-601-347-523-3

ӘОЖ 376
КБЖ 74.3

ISBN 978-601-347-523-3

© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2023

Кіріспе

9-сыныпқа арналған «География» оқу-әдістемелік кешені жаңартылған мазмұн бойынша жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылар Үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленген, құрамына:

- оқулық;
- атлас;
- әдістемелік құрал кіреді.

Осы әдістемелік құралда ұсынылған әдістемелік ұсынымдар бағдарламалық материалды меңгерудің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізу бойынша жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктерін ашып көрсетеді.

9-сыныпта еліміздің экономикалық аудандарының: Орталық, Батыс, Солтүстік, Оңтүстік және Шығыс Қазақстанның географиясы зерделенеді. Курста осы экономикалық аудандардың географиялық жағдайы, табиғи аймақтары, жер қойнауының байлығы мен қалалары туралы мәліметтер бар. «Экономикалық аудандар» ұғымымен таныса отырып, оқушылар табиғи ресурстар және ел экономикасының жетекші салалары (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік) туралы ақпарат алады. «География» курсының арнайы мектептерде бірқатар ерекшеліктері бар:

- алынатын ақпараттың көлемі қысқартылды;
- арнайы терминдер саны азайтылды;
- курстың құрылымы мен мазмұны, себеп-салдарлық байланыстарды ашу тереңдігі жеңілдетілді.

ОӘК құрылымын құруда және зерделенетін курстың мазмұнын таңдауда кешенділік қағида негіз болады. ОӘК-нің барлық элементі бір-бірінің мазмұнды мүмкіндіктерін толықтырады және кеңейтеді. Бұл оқушының сабақтағы іс-әрекет түрлерінің кеңеюіне көмектеседі.

9-СЫНЫПТА «ГЕОГРАФИЯ» ОҚУЛЫҒЫН ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫМДАР

География мектеп пәні ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың дамуында үлкен танымдық және түзету-тәрбиелік маңызы бар. Географияны оқытудың негізгі факторлары – өзінің кіші отаны мен еліне деген сүйіспеншілікті, қоршаған ортаға деген оң көзқарасты тәрбиелеу. Оқу ақпаратының тартымдылығына қарамастан, география жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға белгілі бір қиындықтар туғызады. Бұл зерделенетін кейбір материалдардың дерексіздігімен, арнайы терминдердің кездесуімен, сондай-ақ оқушыларда қоршаған әлем туралы ақпараттың шектеулі болуымен байланысты.

Қазақстанның экономикалық географиясы елдегі экономиканың жай-күйі мен халық өмірінің көрінісін ашады. Сонымен бірге жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларда туған елінің, өзінің кіші отанының бейнесін оның алуан түрлілігі мен тұтастығын сақтай отырып қалыптастыруды көздейді. «География» курсының 9-сыныптағы «Қазақстанның экономикалық географиясының негіздері» бөлімінің мазмұны қамтитын оқу тақырыптары:

- Кіріспе.

- Қазақстан жері туралы алғашқы географиялық мәліметтер.

- Қазақстанның табиғаты және табиғи ресурстары.

- Қазақстан халқы.

- Қазақстан шаруашылығына жалпы шолу.

- Қазақстанның экономикалық аудандарының географиясы.

- Өз облысының географиясы.

Оқулықтың әр параграфы – бір сабаққа сәйкес келеді. Мәтіндерде негізгі теориялық және эмпирикалық мәліметтер: республикамыздың табиғи ресурстары, олардың пайдалы қазбалары, климаты, өсімдік және жануарлар әлемі,

халықтың шаруашылық қызметтері, шаруашылық салалары, олардың елді дамытудағы рөлі туралы қарастырылады.

Оқу ақпараты әртүрлі формада – түсіндірме мәтін, иллюстрациялар, сызбалар, анықтамалық материалдар, географиялық және глоссарий түрінде берілген. Оқулықтағы иллюстрациялар мотивациялық, үйретушілік, дамытушылық және эстетикалық функцияларды орындайды. Олар мәтінді көрнекі және бейнелі етуге көмектеседі, сондай-ақ олар (карталар, карта сызбалары) мәтінмен бірдей рөл атқарады.

Әртүрлі деңгейдегі сұрақтар жүйесі жеке тұлғаны дамытуға, білгендерін тексеруге және өзін-өзі тексеруге бағытталған. Оқу құралында географиялық ақпараттың маңызды көзі болып табылатын картографиялық компонентке ерекше назар аударылды. Карталар мен сызбалар тек мәтінде ғана емес, жұмыс дәптерінде, атласта да бар.

Әр параграф үш блоктан құралады:

1. Бағдарлы – білім алушылардың мәтінмен жұмыс істеуге уәждемелік қатысуын болжайды, әрбір параграфтың алдында зерделенетін ең басты нысанды (Сен ... білетін боласың), білімді өзектендіруге арналған сұрақтарды ерекшелеп көрсетуге мүмкіндік береді.

2. Ақпараттық – мультитәртіптік байланыстарға сүйене отырып, негізгі мазмұнын ашады (географиялық материалды проблемалық, жағдаяттық міндеттерді, шешімін іздестіруді, диалогты, өнімді практикалық әрекетті орындау алгоритмін қоса отырып, шағын көлемде ұсынады). Иллюстрациялық қатар көрнекілікті қамтамасыз етеді, дерексіздікті түсінуді жеңілдетеді, қосымша ақпарат береді.

3. Бағалау-рефлексивтік блок оқығанды қайталауға, бекітуге бағытталған. Ол «Сабақ тақырыбы бойынша қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар»; «Атласпен және кескін картамен жұмыс», «Тапсырмаларды дәптерде орында», оларда әртүрлі деңгейдегі сұрақтар ұсынылған және негізгі принциптер: күрделіліктің төмен деңгейіндегі

сұрақтар – тану, күрделіліктің орташа деңгейіндегі сұрақтар – түсіну, күрделілігі жоғары деңгейдегі сұрақтар – алынған тапсырмаларды қолдану тәртібі бойынша құрылған.

Оқулық құрылымы бастапқы географиялық білімді игеруге ыңғайлы. Ол мұғалімдер мен оқушылардың өздік және бірлескен іс-әрекеттері үшін жағдай жасайды, ата-аналар тарапынан бақылау мүмкіндігін тудырады.

Оқулықта баяндалған тақырыптар бойынша білімді бекіту, тексеру үшін әр параграфтың соңында берілген тапсырмаларды пайдалану ұсынылады. Онда сыныпта да, үй тапсырмаларын орындау кезінде де қолдануға болатын күрделілік деңгейі әртүрлі вариативтік тапсырмалар берілген. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың ерекшеліктеріне бейімделген кескін карталарды, жазбаша тапсырмаларды, кестелерді, сызбаларды, дидактикалық ойындарды, практикалық жұмыстарды қосу мұғалімге сабақты неғұрлым тиімді өткізуге, осы санаттағы оқушыларға қажетті жеке және сараланған тәсілді жүзеге асыруға, олардың танымдық қызығушылығын дамытуға, оқуға деген ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Жеке тапсырмаларды (сызбалар, кестелер, кескін карталар, ребустар, сөзжұмбақтар және т.б.) мұғалім бүкіл сыныпқа слайд түрінде көрсете алады (мысалы, кескін картамен жұмыс жасау кезінде).

Мұғалімге арналған әдістемелік құралда ұсынылғандар:

- Орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар үлгісі (1-қосымша). Ол мұғалімнің қалауы бойынша өзгертілуі мүмкін.

Сабақты жоспарлауда жақсы көмек болатын технологиялық карталар (2-қосымша).

- Қысқа мерзімді (сабақ) жоспар. (3-қосымша)

Білім алушылардың «Қазақстанның экономикалық географиясы» курсы менгеру деңгейін анықтауға арналған «Оқу жетістіктерінің картасы» ұсынылады. Олар: күрделілігі жоғары, орташа, төмен үш деңгейде ұсынылған. Осылайша

әр оқушыға оның танымдық мүмкіндіктеріне қарай карта толтырылады.

Титулдық парақты мұғалім оқу жылының басында толтырады, тақырыптарды зерделеуіне қарай «Тұжырымдар» бөлімі толтырылады. Карта 9-сыныпта оқытылатын бөлімшелер бойынша құрастырылған. Жетістік бағанында оқушының біліміне сәйкес келетін шартты белгі қойылады: меңгерді – «+», меңгермеді – «-», ішінара меңгерді – «0». Баған бөлімді өткеннен кейін күнтізбелік жоспарда қарастырылған қайталау және жалпылау сабағын өткізгеннен кейін толтырылады. Алынған мәліметтер мұғалімге әр оқушының біліміндегі олқылықтар туралы қорытынды жасауға және жеке жұмыс жоспарын құруға мүмкіндік береді.

ОӘК әдістемелік аппараты мұғалімнің тәжірибесінде оқыту стратегияларының әртүрлі арсеналын қолдану мүмкіндігін ескере отырып құрылған: заманауи технологиялар, әдістер, формалар, тәсілдер және оқушылармен жұмысты ұйымдастырудың басқа да ресурстары.

Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған күнтізбелік-тақырыптық (орта мерзімді) жоспар

Пән: География 9-сынып

Барлығы: 72 сағат, аптасына 2 сағат

№	Бөлімше/ауыспалы тақырып	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Мерзімдері	Ескерту
I тоқсан						
1		Кіріспе	Экономикалық география дегеніміз не және олар нені зерттейтінін білу.	16		
2	4.1. Қазақстан жері туралы алғашқы географиялық мәліметтер	Қазақстан Республикасының географиялық жағдайы. Қазақстанның шекаралары	9.4.1.1. Өлемдік картада Қазақстан Республикасының географиялық жағдайын көрсету; Қазақстанның мемлекеттік шекараларын саяси картада көрсету; шекаралас мемлекеттерді атау; Қазақстан аумағының көлемін атау.	1		
3-5		Қазақстанның жер бедері, табиғи аймақтары. Жазықтар. Қазақстанның таулары	9.4.1.2. Қазақстанның ірі тауларын, өзендерін, көлдерін физикалық картадан көрсету; ірі ойпаттар мен қыраттарды, тауларды кескін картада белгілеу; пайдалы қазбалар өндіру орындарын кескін картаға түсіру; маңызды өзендер мен көлдерді кескін картаға таңбалау; Қазақстанның солтүстіктен оңтүстікке қарай табиғи аймақтарын физикалық картадан көрсету.	3		

6		Қазақстан туралы алғашқы мәліметтер	9.4.1.3. Палеолит дәуіріндегі ежелгі қоныстарды атау, мыс және қола металлургиясының дамуын сипаттау; Қазақстанның табиғаты, халықтары мен олардың шаруашылық әрекеттері туралы алғашқы мәліметтерді берген көне ғалымдарды (Геродот, Страбон, Птоломей) атау.	1	
7		Бөлімше бойынша қайталау	Өткен тақырыптар бойынша білімді қайталау және бекіту.	1	
8	4.2 Қазақстанның табиғаты және Қазақстанның табиғи ресурстары	Қазақстан табиғатының әркелкілігі. Пайдалы қазбалар	9.4.2.1. Қазақстан табиғатының әркелкілігін, жер бедерінің ерекшеліктерін сипаттау; пайдалы қазбаларды, олардың Қазақстан аумағындағы негізгі кен орындарын атау.	1	
9-10		Климаты. Оның тіршілік етуге әсері.	9.4.2.2. Климатты, оның қалыптасуының негізгі факторларын сипаттау.	2	
11-12		Қазақстанның жер ресурстары. Топырақ типтері	9.4.2.4. Қазақстанның жер ресурстарын сипаттау (топырақ, топырақтың негізгі түрлерін); Қазақстандағы егін шаруашылығының дамуын; топырақтарды қорғау жолдарын айту.	2	
13		Қазақстанның су көздері. Олардың балық аулау шаруашылығын дамытудағы әсері	9.4.2.3. Қазақстанның су көздерін, олардың халық шаруашылығында пайдаланылуын атау; суды күтіп ұстау маңызын түсіндіру.	1	

14		Қазақстанның есімдіктер әлемі	9.4.2.5. Қазақстанның есімдіктерін сипаттау; есімдіктерді қорғау туралы әңгімелеу (қорықтар, қорықшалар); Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген есімдіктерді сипаттау.	1	
15		Қазақстанның жануарлар әлемі	9.4.2.5. Қазақстанның жануарлар әлемін сипаттау; жануарларды қорғау туралы әңгімелеу (қорықтар, қорықшалар); Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жануарларды сипаттау.	1	
16		Бөлімше бойынша қорытынды	Өткен тақырыптар бойынша білімді қайталау және бекіту.	1	
II тоқсан					
17	4.3. Қазақстан халқы	Қазақстан халқы	9.4.3.1. Қазақстан халқының санын атау; республика аумағы бойынша халықтың орналасуын сипаттау. 9.4.3.2. Қазақстан аумағында тұратын халықтарды атау.	1	
18		Қазақстанның еңбек ресурстары	9.4.3.3. Қазақстанның еңбек ресурстарын, олардың саны мен құрамын атау; еңбекке қабілетті халықтың республиканың әртүрлі шаруашылық салаларында жұмыспен қамтылуын сипаттау.	1	
19		Бөлімше бойынша қорытынды	Өткен тақырыптар бойынша білімді қайталау және бекіту.	1	

20	4.4 Қазақстан шаруашылығына жалпы шолу	Қазақстанның шаруашылығының жетекші салалары	9.4.4.1. Шаруашылықтың жетекші салаларын атау: өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік.	1	
21-22		Қазақстан өнеркәсібі	9.4.4.2. Қазақстан шаруашылығындағы өнеркәсіп рөлін түсіндіру; өнеркәсіптің салалық құрамын, өнеркәсіп мекемелерінің түрлерін атау.	2	
23-24		Қазақстанның ауыл шаруашылығы	9.4.4.3. Қазақстанда ауыл шаруашылығының дамуы туралы айту; ауыл шаруашылығының негізгі салаларын атап шығу, ауыл шаруашылық мекемелерінің түрлерін атау.	2	
25-26		Көлік түрлері. Қазақстанның көлік кәсіпорындары	9.4.4.4. Қазақстандағы көлік түрлерін көрсету; оның шаруашылықтағы рөлін түсіндіру; көлік кәсіпорындарын атау.	2	
27		Бөлімше бойынша қорытынды	Өткен тақырыптар бойынша білімді қайталау және бекіту.	1	
28	4.5. Қазақстанның экономикалық аудандарының географиясы	Экономикалық аудандар туралы түсінік. Қазақстанның экономикалық аудандары	9.4.5.1. Қазақстан аумағындағы бес экономикалық аудандарды атау және картада көрсету (Орталық, Батыс, Солтүстік, Оңтүстік, Шығыс); Қазақстанның экономикалық аудандарын кескін картаға түсіру.	1	

29	Қазақтанның Орталық экономикалық ауданы	9.4.5.2. Қазақтанның Орталық экономикалық ауданының географиялық жағдайын картада көрсету; табиғи жағдайларына сипаттама беру; табиғи ресурстарының географиялық еркелілігін, судың айрықша жеткіліксіздігін сипаттау.	1	
30	Қазақтанның Орталық экономикалық ауданының қалалары	9.4.5.3. Картада қалаларды: Карағандыны, Теміртауды, Жезқазғанды, Балқашты атау және көрсету; кескін картада ауданның ірі қалаларының атауларын жазу.		
31	Орталық Қазақстан экономикалық ауданның өнеркәсібі	9.4.5.4. Қазақтанның Орталық экономикалық ауданының көмір, металлургия және мәшине жасау өнеркәсіптерінің дамуы туралы айту.	1	
32	Бөлім бойынша қорытынды	Өткен тақырыптар бойынша білімді қайталау және бекіту.		
III тоқсан				
33-34	4.5 Қазақстанның экономикалық аудандарының географиясы	9.4.5.5. Қазақстанның Батыс экономикалық ауданының географиялық жағдайын картада көрсету; Батыс Қазақстанның табиғи аймақтарына (дала және шөл) сипаттама беру.	2	
35	Мұнай және газ орындары	9.4.5.6. Қазақстанның Батыс жер қойнауларының: мұнай және газ орындарының байлығы туралы айту.	1	

36-37	Балық аулау шаруашылығы	9.4.5.6. Қазақстанның Батыс экономикалық ауданының табиғатын қорғау маңызын түсіндіру экономикалық ауданының табиғатын қорғау маңызын түсіндіру; балық аулау кәсібі туралы айту.	2	
38	Батыс Қазақстан қалалары	9.4.5.7. Қалаларды картадан көрсету және атау: Ақтөбе, Атырау, Орал атау және картада көрсету; ауданның ірі қалаларының атауларын кескін картада жазу; Қазақстанның Батыс экономикалық ауданында өндірілетін пайдалы қазбаларды кескін картаға түсіру.	1	
39-40	Қазақстанның Солтүстік экономикалық ауданы. Табиғи аймағының сипаты	9.4.5.8. Қазақстанның Солтүстік экономикалық ауданының географиялық жағдайын картада көрсету; Солтүстік Қазақстанның табиғи аймақтарына сипаттама беру (орманды дала, дала, шөлейттер).	2	
41	Жер қойнауының байлығы. Темір кені мен көмір өндіру	9.4.5.9. Жер қойнауларының: темір кендері және тас көмір өндіру байлығы туралы айту.	1	
42	Астық өсіру және мал шаруашылығы	9.4.5.11. Ауданның ауыл шаруашылығы: астық өсіру және мал шаруашылығы туралы айту.	1	

43-44	Қазақтанның Сол-түстік экономикалық ауданының қалалары	9.4.5.10. Қалаларды: Қазақстан елордасы – Астананы, Қостанайды, Петропавлды, Павлодарды, Көкшетауды атау және картада көрсету; астананы және ауданның ірі қалаларын кескін картада жазу; Қазақтанның Сол-түстік экономикалық ауданында өндірілетін пайдалы қазбаларды кескін картаға түсіру.	2	
45-46	Қазақстанның Оңтүстік экономикалық ауданы	9.4.5.12. Қазақстанның Оңтүстік экономикалық ауданының географиялық жағдайын картада көрсету; Оңтүстік Қазақстанның табиғи аймақтарына (шөлдер мен таулар) сипаттама беру.	2	
47	Химиялық шикізат өндірісі	9.4.5.13. Химиялық шикізат өндірісі.	1	
48	Суармалы егіншілігі, бағбаншылық, жүзім шаруашылығы	9.4.5.15. Суармалы егіншілігі, бағбаншылық, жүзім шаруашылығы туралы айту.	1	
49-50	Қалалары	9.4.5.14. Қалаларды: Алматыны, Таразды, Шымкентті, Талдықорғанды, Түркістанды атау және картада көрсету; ауданның ірі қалаларын кескін картада жазу.	2	
51-52	Бөлім бойынша қорытынды	Өткен тақырыптар бойынша білімді қайталау және бекіту.	2	

		IV тоқсан		20	
53-54	Қазақтанның Шығыс экономикалық ауданы	9.4.5.16. Қазақтанның Шығыс экономикалық ауданының географиялық жағдайын картада көрсету; Шығыс Қазақстанның таулы және жазықты жерлерінің табиғи жағдайларының әркелкілігін сипаттау.	2		
55	Жер қойнауындағы полиметалл байлығы	9.4.5.17. Жер қойнауларының полиметаллдармен байлығы туралы айту.	1		
56	Өнеркәсіп өндірісінің дамуы	9.4.5.19. Өнеркәсіп өндірісінің дамуын сипаттау.	1		
57	Ауыл шаруашылығының және көліктің дамуы	9.4.5.20. Ауыл шаруашылығының және көліктің дамуын сипаттау.	1		
58	Қалалары	9.4.5.18. Қалаларды: Өскеменді, Семейді, Риддерді атау және картада көрсету; ауданның ірі қалаларын кескін картада жазу.	1		
59	Белгі бойынша қорытынды	Өткен тақырыптар бойынша білімді қайталау және бекіту.	1		
60-61	4.6. Өз облысының географиясы	9.4.6.1. Өз елді мекенін, облысын және аудан орталығын атау, картада орналасуын көрсету; бедеріне, пайдалы қазбалардың болуына сипаттама беру. 9.4.6.2. Өз елді мекенінің атауын контурлы картада белгілеу 9.4.6.9. Өз облысы мен аудан орталығы, елді мекені (қала, ауыл) туралы айту.	2		

62	Өз мекенінің климат ерекшелігі	9.4.6.3. Ауа райы мәліметінің күнтізбесі негізінде өз облысының климаты туралы айту.	1	
63	Өз жерінің өзендері мен суқоймалары. Ауыз сумен қамтамасыз ету. Суқоймаларды қорғау	9.4.6.4. Өз жерінің, облысының өзендері мен көлдерін ату, олардың шаруашылықтағы қолданысы туралы айту.	1	
64	Өз облысының ауыл шаруашылығы. Оның жетекші салалары	9.4.6.6. Ауыл шаруашылығын: егіншілік шаруашылығын және мал шаруашылығын дамыту үшін табиғи жағдайлардың ерекшеліктерін сипаттау.	1	
65	Өз жерінің, облысының өсімдік және жануарлар әлемінің ерекшеліктері	9.4.6.5. Өз жерінің, облысының өсімдік және жануарлар әлемінің ерекшеліктерін сипаттау; табиғи байлықтарды қорғау қажеттілігін түсіндіру.	1	
66	Өз жерінің, облысының өсімдіктер әлемінің ерекшеліктері	9.4.6.5. Өз жерінің, облысының өсімдіктер әлемінің ерекшеліктерін сипаттау; табиғи байлықтарды қорғау қажеттілігін түсіндіру.	1	
67	Халқы, оның құрамы	9.4.6.7. Өз жерінің, облысының халқын сипатта.	1	
68-69	Өз облысының өнеркісібі. Оның жетекші салалары	9.4.6.8. Өнеркәсіптің даму ерекшеліктерін және оның жетекші салаларын, көліктің даму ерекшеліктерін сипаттау.	2	
70	Өз облысының көлік түрлері	9.4.6.8. Көліктің даму ерекшеліктерін сипаттау.	1	
71-72	Бөлімше бойынша қорытынды	Өткен тақырыптар бойынша білімді қайталау және бекіту.	2	

«География» пәні бойынша оқыту үдерісінің жобасы.

«Қазақстан жері туралы алғашқы географиялық мәліметтер»
бөлімшесі бойынша технологиялық карта

Сағат саны		5
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)		
Күрделіліктің төмен деңгейі (тану)	Күрделіліктің орташа деңгейі (түсіну)	Күрделіліктің жоғары деңгейі (қолдану)
Қазақстан орналасқан материкті атау; республиканың географиялық жағдайын көрсету; Қазақстанды физикалық және саяси карталарда көрсету, оның шеғараларын белгілеу; Қазақстанның ірі тауларын, өзендерін, көлдері мен теңіздерін атау.	Оқулыққа сүйене отырып, Қазақстан шеғаралары ауданының шамасын атау; шеғаралас мемлекеттерді, Қазақстанның табиғи аймақтарын атау; ірі ойпаттар мен биіктіктерді, ірі тауларды, өзендерді, көлдерді атау және оларды картадан көрсету; картада шартты белгілер бойынша пайдалы қазбаларды өндіру орындарын көрсету.	Палеолит дәуіріндегі ежелгі автотұрақтарды атау мыс және қола металлургиясының дамуын сипаттау; Қазақстанның табиғаты, халықтары және олардың шаруашылық қызметі туралы алғашқы мәліметтерді берген ежелгі ғалымдардың есімін атау; кескін картаға ең үлкен ойпаттар мен биіктіктерді, тауларды, тау-кен орындарын белгілеу; кескін картаға ең маңызды өзендер мен көлдерді белгілеу.
Еңбекті ұйымдастыру мәдениеті	Өз жұмыс орнын ұйымдастыру ережесін білу және сақтау.	
Негізгі түсініктер	Шеғара, пайдалы қазбалар, табиғи аймақтар, палеолит, антикалық ғалымдар.	
Құрал-жабдықтар	Оқулық, жұмыс дәптері, әлемнің қабырғалық географиялық картасы, Қазақстанның географиялық картасы, атлас, кескін карталары	

**«Қазақстан жері туралы алғашқы географиялық мәліметтер»
бөлімшесі бойынша оқу жетістігінің картасы**

Күтілетін нәтижелер	Орындау туралы белгі
Күрделіліктің төмен деңгейі	
1. Тұратын елін, астанасын атайды.	
2. Қазақстанның ірі тау, өзен, көлдерінің атауларын қайталайды.	
3. Қазақстан қай материкте орналасқанын біледі.	
4. Қазақстанды әлем картасынан көрсетеді.	
Күрделіліктің орташа деңгейі	
1. Қазақстанның географиялық жағдайын картадан көрсетеді және картаға сүйене отырып сипаттайды.	
2. Қазақстанмен шегаралас елдерін атайды.	
3. Қазақстанның ірі ойпаттары мен үстірттерінің, ірі тауларының, өзендерінің, көлдерінің атауларын атайды; оларды физикалық картадан көрсетеді.	
4. Оқулыққа сүйене отырып, Қазақстан аумағының көлемін атайды.	
5. Картада пайдалы қазбаларды өндіру орнының шартты белгілері бойынша көрсетеді.	
Күрделіліктің жоғары деңгейі	
1. Қазақстанның географиялық орналасуын сипаттайды, оның ерекшеліктерін (кеңдігін, орналасуын) белгілейді.	
2. Жер бедерінің негізгі пішіндерін сипаттайды, олардың айырмашылығын түсінеді.	

3. Қазақстанның табиғи аймақтарын картада көрсетеді және тізімдейді.	
4. Палеолит дәуіріндегі ежелгі тұрақтарды сипаттайды, Қазақстан аумағында мыс және қола ежелгі бұйымдардың болуын түсіндіреді; Қазақстанның табиғаты, халқы және олардың шаруашылық қызметі жайында алғашқы мәліметтерді берген ежелгі ғалымдар туралы айтады.	
Тұжырымдар мен ұсынымдар	

«Қазақстан жері туралы алғашқы географиялық мәліметтер» бөлімшесі бойынша үлгілік бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

Күрделілігі төмен деңгейдегі тапсырмалар

1. *Өз еліңнің атауы мен астанасын жаз.*

Мен – _____ тұрамын.
Оның астанасы – _____.

2. *Біздің еліміз – Қазақстан Республикасы орналасқан материктің астын сыз.*

Солтүстік Америка, Аустралия, Еуразия, Африка, Оңтүстік Америка, Антарктида.

3. *Қазақстанның тауларының (өзендерінің, көлдерінің) атауларын жаз.*

Күрделілігі орташа деңгейдегі тапсырмалар

1. Қазақстанның қай елдермен шектесетінін жаз (солтүстікте, оңтүстікте, шығыста, батыста).

2. Қазақстан аумағына қандай шама сәйкес келетінін белгіле.

2 724,9 мың. км² 1 200 мың. км² 10 568 мың. км²

3. Қазақстанның ең ірі жазықтары мен биік жерлеріне мысалдар келтір.

4. Қазақстанның пайдалы қазбаларының атауларын жаз.

Күрделілігі жоғары деңгейдегі тапсырмалар

1. Қазақстан қай жерде орналасқанын жаз: қандай жазықтар мен таулардың арасында.

2. Жазық түрлерін ата. Қазақстан бойынша жазық түрлеріне мысалдар келтір.

3. Таулардың түрлерін ата. Қазақстан бойынша тау түрлеріне мысалдар келтір.

**«Қазақстанның табиғаты мен табиғи ресурстары»
бөлімшесі бойынша технологиялық карта**

Сағат саны		7
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)		
Күрделіліктің төмен деңгейі (тану)	Күрделіліктің орташа деңгейі (түсіну)	Күрделіліктің жоғары деңгейі (қолдану)
Пайдалы қазбаларды атау, Қазақстан климатын қарапайым сөздермен сипаттау; су көздерінің түрлерін атау; Қазақстандағы жер ресурстары, өсімдіктерін, жануарларын атау және оларға мысалдар келтіру; топырақ түрлерін атау. Суға, жануарларға, өсімдіктерге ұялты қараудың маңыздылығын түсіну.	Пайдалы қазбаларды, олардың Қазақстан аумағындағы негізгі кен орындарын атау, климатты сипаттау, климаттың қалыптасу факторларын атау, шаруашылық қызметте су және жер ресурстарын пайдалану туралы аңгімелеу. Қорықтар мен Қызыл кітаптың мағынасын түсіну және жануарлар мен өсімдіктерді қорғау мәселесін түсіндіру.	Пайдалы қазбалардың түрін анықтау, пайдалы қазбаларды түрлері бойынша топтастыру, олардың кен орындарын картада көрсету, оларды пайдалану туралы айту, климаттың шаруашылық қызметке әсерін сипаттау; Қазақстанның өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы, өсімдіктер мен жануарларды қорғау туралы (қорықтар) аңгімелеу, Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктерді атау.
Еңбекті ұйымдастыру мәдениеті	Өз жұмыс орнын ұйымдастырудың ережесін білу және сақтау.	
Негізгі түсініктер	Бедер, пайдалы қазбалар, климат. Қорық, қорықша.	
Құрал-жабдықтар	Оқулық, жұмыс дәптері, әлемнің қабырғалық географиялық картасы, Қазақстанның географиялық картасы, атластар, кескін карталар, өсімдіктер гербарийі.	

**«Қазақстанның табиғаты мен табиғи ресурстары»
бөлімшесі бойынша оқу жетістігінің картасы**

Күтілетін нәтижелер	Орындау туралы белгі
Күрделіліктің төмен деңгейі	
1. Пайдалы қазбалардың атауын атайды.	
2. Қазақстанның климатын қарапайым сөздермен сипаттайды (жазда ыстық, құрғақ және қыста қатал, жауын-шашын аз).	
3. Су көздерінің түрлерін атайды, суға ұқыпты қараудың маңыздылығын түсінеді.	
4. Жер ресурстарының түрлерін атайды, топырақ түрлерін атайды.	
5. Қазақстанның өсімдіктерін, жануарларын атайды; оларды қалай қорғау керектігін айтады.	
Күрделіліктің орташа деңгейі	
1. Пайдалы қазбаларды, олардың аумақтағы негізгі кен орындарын атайды; оларды шартты белгілер бойынша картада көрсетеді.	
2. Климаттың қалыптасу факторларын атай отырып, климатты сипаттайды.	
3. Шаруашылық қызметте су және жер ресурстарын пайдалану туралы әңгімелейді, мысалдар келтіреді.	
4. Жануарлар мен өсімдіктерді қорғау ісіндегі қорықтар мен Қызыл кітаптың маңыздылығын түсінеді және түсіндіреді.	

Күрделіліктің жоғары деңгейі	
	1. Пайдалы қазбалардың түрін анықтайды, пайдалы қазбаларды түрлері бойынша топтастырады, олардың кен орындарын картада көрсетеді; пайдалы қазбалар қалай қолданылатынына мысалдар келтіреді.
	2. Климаттың экономикалық қызметке әсерін сипаттайды.
	3. Қазақстанның экономикалық дамуы үшін суға, жер ресурстарына ұқыпты қараудың маңыздылығын түсіндіреді.
	4. Қазақстанның өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, өсімдіктер мен жануарларды қорғау (қорықтар, қорықшалар) туралы әңгімелейді; Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктерді атайды.
Тұжырымдар мен ұсынымдар	

«Қазақстанның табиғаты мен табиғи ресурстары» бөлімшесі бойынша үлгілік бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

Күрделілігі төмен деңгейдегі тапсырмалар

1. Қазақстанда өндірілетін бірнеше пайдалы қазбалар турін ата.
2. Қазақстанның климатын қалай сипаттауға болады? Дұрыс мәлімдемені таңда.
 - А. Аймаққа байланысты қысы қатал, жазы ыстық.
 - Б. Жауын-шашын аз, қатал, құрғақ климат.
 - В. Ыстық климат, үнемі жаз болады.
 - Г. Нөсер жауын көп, жұмсақ, ылғалды.

3. Жер ресурстарының не екенін қалай түсінесің? Сөйлемді жалғастыр.

Жер ресурстары – ол _____.

4. Топырақ түрлерін ата.

5. Су көздерінің түрлерін ата. Мысалдар ретінде Қазақстандағы су көздерін ата.

6. Қазақстанның өсімдіктері мен жануарларына мысалдар келтір.

Күрделілігі орташа деңгейдегі тапсырмалар

1. Пайдалы қазбалардың не екеніне анықтама бер.

2. Анықтаманы жалғастыр:

Жер бетінде немесе жер қойнауында пайдалы қазбалардың табиғи жинақталуы - _____ пайдалы қазбалар деп аталады.

3. Климатқа әсер ететін факторларды ата.

4. Ауыл шаруашылығында жер ресурстарын (су көздері) қалай пайдаланылатынына мысалдар келтір.

5. Тұщы суды үнемдеу үшін қандай ережелерді сақтайсың?

6. Қазақстанда қандай топырақ түрлері кездеседі?

Күрделілігі жоғары деңгейдегі тапсырмалар

1. Қазақстандағы пайдалы қазбалардың ірі кен орындарын ата.

2. Топырақ эрозиясы дегеніміз не? Неліктен топырақты қорғау керек?

3. Толырақты (суды) қорғаудың қандай тәсілдерін білетініңді айт.
4. Қазақстанның Қызыл кітабына қандай жануарлар енгізілген? Неліктен?
5. Оқулық мәтінінен Қазақстанның жануарлары мен құстарының аттарын жазып ал.

Жануарлар	Құстар

6. Не қай жерде өседі? Сәйкестікті тап.

- ОРМАНДЫ ДАЛА бетеге, жусан, түймедақ, боз
 ШӨЛ қайың, көктерек, мойыл, сүйекжеміс
 ДАЛА сексеуіл, эфемер, жүзгін
 ШӨЛЕЙТ жусан, көкпек ши, Шренка қызғалдағы

7. «Иә» немесе «жоқ» деп жауап беру арқылы өзінді тексер.

1. Қазақстанның аумағы – 207 млн км².
2. Қазақстан көлемі бойынша әлемде 5-орында.
3. Иран – Каспий теңізі арқылы Қазақстанмен шегаралас ел.
4. Қазақстан оңтүстікте Қытаймен және Ресеймен шектеседі.
5. Қазақстан Республикасы шегарасының жалпы ұзындығы – 18 000 км.
6. Қазақстан Республиканың теңіздік шегарасының ұзақтығы – 3 000 км.
7. Қазақстандағы жергілікті және ең көп халқы – қазақтар.

8. Қазақстанның жер бедерінің басым бөлігі – жазықтар.
 9. Биік таулар Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан.
 10. Қазақстанның климаты шұғыл континенттік.

8. Тест тапсырмаларын орында.

1. Қазақстан аумағында қандай жазықтар бар?
 А) Шығыс Еуропа
 Б) Батыс Сібір
 В) Бразилия
2. Шығыс Еуропа жазығында қандай үстірттер орналасқан?
 А) Орыс
 Б) Валдай
 В) Жалпы Сырт
3. Тұран жазығы қайда орналасқан?
 А) Қазақстанның солтүстігінде
 Б) Қазақстанның оңтүстігінде
 В) Қазақстанның батысында
4. Аңызак – бұл
 А) қар жауу
 Б) құрғақ, ыстық жел
5. Қазақстанның орталығында қандай үстірт орналасқан?
 А) Сарыарқа
 Б) Жалпы Сырт
 В) Валдай
6. Сарыарқа аумағында ... қорығы орналасқан.
 А) Барсақелмес
 Б) Үстірт
 В) Қорғалжын
7. Қандай таулар Қазақстан аумағындағы Орал тауларының жалғасы болып табылады?
 А) Мұғалжар
 Б) Көкшетау
 В) Қарқаралы

8. Қандай көл Алтай, Тарбағатай және Қалба тау жоталарының арасында орналасқан?

- А) Балқаш
- Б) Зайсан
- В) Алакөл

- Б) қызғылт қоқиқаз
- В) дегелек

10. Жоңғар Алатауы таулары Қазақстанның қай елмен шегарасында орналасқан?

- А) Қытаймен
- Б) Ресеймен
- В) Қырғызстанмен

9. Қорғалжың қорығындағы қандай сирек құс мекендейді?

- А) түйеқұс

«Қазақстан халқы» бөлімшесі бойынша технологиялық карта

Сағат саны		2
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)		
Күрделіліктің төмен деңгейі (тану)	Күрделіліктің орташа деңгейі (түсіну)	Күрделіліктің жоғары деңгейі (қолдану)
Ел халқының не екенін анықтау; Қазақстан халқының санын атау; Қазақстан аумағында тұратын халықтардың атау; еңбек ресурстарының не екенін өз сөзімен айту; еңбек ресурстарына не кіретінін атау.	Халықтың саны мен тығыздығы деген не екенін түсіну; халықтың республика аумағы бойынша орналасуын сипаттау; еңбек ресурстарының құрамында бөлінетін топтарды атау.	Қазақстан аумағы бойынша халықты орналастыру ерекшеліктерін түсіндіру; Қазақстанның еңбек ресурстарының маңыздылығын түсіну және сипаттау, олардың саны мен құрамын, республиканың шаруашылығының түрлі салаларында еңбекке қабілетті халықтың жұмыспен қамтылуын пайдалану сипатын атау.

Еңбекті ұйымдастыру мәдениеті	Өз жұмыс орнын ұйымдастыру ережесін білу және сақтау.
Негізгі түсініктер	Халық тығыздығы, жергілікті тұрғындар.
Құрал-жабдықтар	Оқулық, жұмыс дәптері, Қазақстан Республикасының экономикалық картасы, саяси-әкімшілік картасы, атлас, кескін карталар.

«Қазақстан халқы» бөлімшесі бойынша оқу жетістігінің картасы

Күтілетін нәтижелер	Орындау туралы белгі
Күрделіліктің төмен деңгейі	
Қазақстан аумағында тұратын халықтарды атайды.	
Күрделіліктің орташа деңгейі	
1. Қазақстан аумағында тұратын халықтарды атайды.	
2. Республика аумағы бойынша халықтардың орналасуын сипаттайды.	
Күрделіліктің жоғары деңгейі	
1. Қазақстанның физикалық картасынан халық тығыз орналасқан жерлерді көрсетеді.	
2. Республиканың әртүрлі шаруашылық салаларында еңбекке қабілетті халықтың жұмыспен қамтылуы туралы айтады.	
Тұжырымдар мен ұсынымдар	

«Қазақстан халқы» бөлімшесі бойынша үлгілік бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

Күрделілігі төмен деңгейдегі тапсырмалар

1. Анықтаманы толықтырып жаз.

Халық – бұл _____
Еңбек ресурстары – бұл _____.

2. Қазақстанда тұратын халықтардың ата.
3. Қазақстанның «миллионды қалаларын» ата. Оларды неге осылай аталады?
4. Сіз тұратын қаланы (елді мекенді) ата.

Күрделілігі орташа деңгейдегі тапсырмалар

1. Оқулық мәтінін пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

Демография дегеніміз не?

Халық саны дегеніміз не?

2023 жылдағы Қазақстандағы халық саны қандай?

Қазақстан халық саны бойынша әлемде қандай орын алады?

2. Қазақстанда қанша халық тұрады? Дұрыс жауапты тап.

- а) 80-нен астам ә) 130-дан астам б) 1000-нан астам

3. Қазақстан Халықтарының Бірлігі күнін мерекелеу күнін ата.
4. Өзіңнің ұлтың, өзіңнің халқың туралы қысқаша айтып бер.
5. Еңбек етуге жарамды халық құрамына кім кіреді?
6. Сен өзің білетін мамандықтарды ата.

Күрделілігі жоғары деңгейдегі тапсырмалар

1. Қазақстанның ең көп қоныстанған аудандарын ата.
2. Неліктен Қазақстанда қала халқы ауыл тұрғындарынан көп?
3. Жасөспірімдер (14 жасан асқан) мен зейнеткерлерді еңбек ресурстарына жатқызуға бола ма? Жауабыңды түсіндір.
4. Еңбекке қабілетті, бірақ экономикалық белсенді емес халықтың құрамына кім кіреді?
5. Өзің меңереің келетін мамандық туралы айт. Ол үшін не істеу керек?
6. Болашақ мамандығыңда саған қандай қасиеттер қажет болады? Қажетті сөздерді теріп жаз, өз ойыңдағы сөздерді қос.

Еңбекқорлық, адалдық, парасаттылық, батылдық, ақөңілдік, табандылық, ұқыптылық, сыпайылық, ептілік, мұқияттылық.

**«Қазақстан шаруашылығына жалпы шолу» бөлімшесі бойынша
технологиялық карта**

Сағат саны		5
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)		
Күрделіліктің төмен деңгейі (тану)	Күрделіліктің орташа деңгейі (түсіну)	Күрделіліктің жоғары деңгейі (қолдану)
Экономиканың жетекші салаларын ата; өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік түрлерін ата; өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы деген не екенін өз сөзіңмен түсіндір; суреттерде өнеркәсіптік және ауылшаруашылық кәсіпорындарын, көлік және көлік түрлерін көрсетеді.	Қазақстанның дамуы үшін өнеркәсіптің маңызы туралы айту; салаларды атау және өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы салалық құрамы бойынша топтастыру; өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының түрлерін атау, кәсіпорындарды өнім түрімен байланыстыру, Қазақстандағы көлік түрлерін тізімдеу.	Қазақстандағы өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының және көлік саласының қазіргі заманғы дамуы туралы айту; олардың дамуына әсер ететін ерекшеліктер мен факторларды атау; көліктің шаруашылықтағы рөлін түсіндіру.
Еңбекті ұйымдастыру мәдениеті	Өз жұмыс орнын ұйымдастыру ережесін білу және сақтау.	
Негізгі түсініктер	Шаруашылық, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, көлік.	
Құрал-жабдықтар	Оқулық, жұмыс дәптері, Қазақстанның географиялық картасы, атластар, кескін карталар.	

«Қазақстан шаруашылығына жалпы шолу» бөлімшесі бойынша оқу жетістігінің картасы

Күтілетін нәтижелер	Орындау ту- ралы белгі
Күрделіліктің төмен деңгейі	
1. Экономиканың жетекші салаларын: өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлікті атайды.	
2. Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы салаларын атайды.	
3. Көлік түрлерін атайды.	
4. Суреттерді тақырып бойынша негізгі ұғымдармен байланыстырады.	
Күрделіліктің орташа деңгейі	
1. Қазақстанда өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, көліктің дамуы туралы әңгімелейді.	
